

"Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 17 сәуірдегі N 429 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Электр энергетикасы туралы

Осы Заң электр және жылу энергиясын өндіру, беру және пайдалану саласында мемлекеттік саясаттың құқықтық, экономикалық және ұйымдық негіздерін белгілейді.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Заңда қолданылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынандай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) авариялық бронь - электрмен үздіксіз қамтамасыз ету объектісіне берілуі ол үшін өмірлік маңызы бар құрылғылардың жұмыс істеуін сақтайтын және тіршілікті қамтамасыз ету объектілері жұмысының бұзылуын, сондай-ақ апатты экологиялық, әлеуметтік немесе экономикалық зардаптарды немесе адамдардың өлімін болдырмайтын ең аз қажеттіліктегі электр қуаты;

2) авариялық бұзушылық - электр қондырғылары жұмысының технологиялық параметрлерінің немесе олардың істен шығуын немесе пайдалану кезінде зақымдануын туындатқан элементтердің жол берілмейтін ауытқулары;

3) теңгеруші электр энергиясы - электр энергиясын тұтынудың, өндірудің жүйелік оператор бекіткен сағаттық диспетчерлік тәуліктік кестесін іске асыру кезінде туындайтын тепе-теңсіздіктерді жою үшін пайдаланылатын электр энергиясы;

4) электр энергиясының теңгеруші рыногы - жүйелік оператор мен электр энергиясының көтерме сауда рыногындағы қызметті жүзеге асыратын энергия өндіруші, энергиямен жабдықтаушы ұйымдар, көтерме сауданы тұтынушылар, өзге де ұйымдар арасындағы ағымдағы операциялық тәулікте Қазақстан БЭЖ-де электр энергиясын шарттық және нақты өндіру және/немесе тұтыну шамалары арасында

туындайтын тепе-теңсіздіктердің нақты уақыты режимінде буындайтын жүйелік оператордың табиғи және кейінгі қаржылық реттеуі нәтижесінде қалыптасатын өзара қ а т ы н а с т а р ж ү й е с і ;

5) көрсетілетін қосалқы қызметтер - жүйелік оператор қажетті көлемдер мен электр қуатының жедел резервтері құрылымдарының дайындығын қамтамасыз ету, реактивтік қуатты реттеу, белсенді қуатты реттеу, энергия жүйесін тоғы жоқ жағдайдан шығару жөніндегі электр энергиясының көтерме сауда рыногы субъектілерінен сатып алатын к ө р с е т і л е т і н қ ы з м е т т е р ;

6) электр энергиясымен кепілді жабдықтаушы - энергиямен жабдықтаушы басқа ұйымдар тұтынушыларды тұтынушының кінәсіз энергиямен жабдықтауды тоқтатқан жағдайларда тұтынушыларды энергиямен жабдықтауды жүзеге асыратын э н е р г и я м е н ж а б д ы қ т а у ш ы ұ й ы м ;

7) электр энергиясының тепе-теңсіздігі - осы операциялық сағатқа жүйелік оператор бекіткен диспетчерлік тәуліктік кестедегі шамадан электр энергиясын өндіру-тұтынудың нақты шамасының ауытқуы;

8) Қазақстан Республикасының бірыңғай электр энергетикалық жүйесі (бұдан әрі - Қазақстанның БЭЖ) - Қазақстан Республикасының тұтынушыларын сенімді және сапалы энергиямен жабдықтауды қамтамасыз ететін электр станцияларының, электр беру желілері мен шағын станцияларының жиынтығы;

9) электр энергиясы көтерме сауда рыногының аймақтары - электр энергиясы көтерме сауда рыногының жұмыс істеуінің ерекше ережелері қолданылатын Қ а з а қ с т а н н ы ң Б Э Ж б ө л і к т е р і ;

10) электр және жылу энергиясының коммерциялық есебі - сатып алу-сату электр және жылу энергиясын беру шарттары бойынша тараптар арасында өзара есеп айырысу үшін және электр қуаты мен қажетті электр және жылу энергиясының есебі;

11) ұлттық электр торабы - электр энергиясының мемлекетаралық және (немесе) өңіраралық берілуін қамтамасыз ететін электр беру желілері мен шағын станциялар ж и ы н т ы ғ ы ;

12) "бір күн бұрын" режиміндегі сауда-саттықтар спотын қоса алғанда, электр энергиясының орталықтандырылған сауда рыногының операторы - электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығын жүзеге асыратын ұйым;

13) операциялық тәуліктер - ағымдағы тәуліктер, оның барысында жүйелік оператор рынок субъектілері жасасқан электр энергиясын сатып алу-сату шарттарының орындалуын орталықтандырылған жедел-диспетчерлік басқару жөніндегі о п е р а ц и я л а р д ы ж ү з е г е а с ы р а д ы ;

14) электр энергиясының көтерме сауда рыногы - электр энергиясының көтерме сауда рыногы субъектілерінің арасындағы шарттар негізінде жұмыс істейтін электр энергиясын сатып алу-сатуға байланысты қатынастар жүйесі;

15) жылу энергиясын беру - жасасылған шарттарға сәйкес энергия беруші ұйымдар

көрсететін жылу жүйелері бойынша жылу энергиясын тасымалдау жөніндегі қызмет;

16) электр энергиясын беру - жасасылған шарттарға сәйкес энергия беруші ұйымдар көрсететін электр энергиясын тасымалдау жөніндегі қызмет;

17) тұтынушы - электр және (немесе) жылу энергиясын шарт негізінде пайдаланатын жеке немесе заңды тұлға;

18) коммерциялық есепке алу аспабы - берілген, таратылған және тұтынылған электр қуаты мен электр немесе жылу энергиясын коммерциялық есепке алуға арналған, қолдануға заңдарда белгіленген тәртіппен рұқсат етілген техникалық құрылымы;

19) өңірлік электр тораптық компаниясы (бұдан әрі - ӨЭК) - бір әкімшілік-аумақтық бірлік (облыс) шегінде өңірлік деңгейде электр тораптарын пайдаланушы және электр тораптары бойынша электр энергиясын беруді жүзеге асыратын энергия беруші ұйым;

20) электр қуатын реттеу - тәуліктік кестеде жобаланумен немесе жобалаусыз айырбас электр энергиясының нөлдік сальдосы сақталған жағдайда мәлімдемеген электр жүктемесінен электр энергиясы көтерме сауда рыногы субъектісінің нақты электр жүктемесінің ауытқуларын өтеу жөніндегі көрсетілетін қызмет;

21) реттеуші орган - табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

22) Қазақстан БЭЖ электр қуатының резерві - электр энергиясының сенімділік пен сапа стандарттарымен белгіленген, талап етілетін құрылымы (бірінші және екінші реттеудің резерві, тұрақты резерв және т.б.) мен шамасы, сондай-ақ диспетчерлендіруге әзірлік дәрежесі бар энергия өндіруші ұйымдар агрегаттарының электр қуаты;

23) жылу энергиясының бөлшек сауда рыногы - шарттар негізінде қолданылатын жылу энергиясын өндіруге, беруге және тұтынуға қатысушылар қатынастарының жүйесі;

24) электр энергиясының бөлшек сауда рыногы - көтерме сауда рыногынан тыс, электр энергиясы рыногының субъектілері арасындағы шарттар негізінде жұмыс істейтін, электр энергиясын сатып алу-сату беру және тұтыну, сондай-ақ осыған байланысты көрсетілетін қызметтер қатынастарының жүйесі;

25) жүйелік авария - біртұтас электр энергетикасы жүйесінің тұрақтылығын жоғалтуға және оны бөліктерге бөлуге әкеп соғатын электр энергетикасы объектілерінің жұмыс режимінің апаттық бұзылуы;

26) көрсетілетін жүйелік қызметтер - электр энергиясының көтерме сауда рыногы субъектілерінің жүйелік операторларына электр энергиясын беру, техникалық диспетчерлендіру, қуаттарды реттеу, электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгеруді ұйымдастыру жөнінде көрсетілетін қызметтер;

27) жүйелік оператор - орталықтандырылған жедел-диспетчерлік басқаруды, басқа мемлекеттердің энергия жүйелерімен қатар жұмыс істеуді қамтамасыз етуді, энергия жүйесіндегі теңгерімдік қолдауды, жүйелік қызметтер көрсетуді және электр энергиясы

рынок субъектілерінен көрсетілетін қосалқы қызметтерді сатып алуды, сондай-ақ ұлттық электр торабы бойынша электр энергиясын беруді, оған техникалық қызмет көрсету мен пайдалану дайындығында ұстауды жүзеге асыратын ұйым;

28) электр энергиясы сауда-саттықтарының споты - "бір күн бұрын" және "операциялық тәуліктер ішінде" режиміндегі қысқамерзімдік негіздерде электр энергиясының сағаттық көлемдерін сатуды ұйымдастыру;

29) электр энергиясы көтерме сауда рыногының субъектілері - энергия өндіруші, энергия беруші, энергиямен жабдықтаушы ұйымдар, көтерме сауда тұтынушылары, жүйелік оператор, электр энергиясын орталықтандырылған сату операторы және көтерме сауда рыногындағы қызметті жүзеге асыратын өзге де ұйымдар;

30) электр энергиясы бөлшек сауда рыногының субъектілері - энергия өндіруші, энергиямен жабдықтаушы, энергия беруші ұйымдар, электр энергиясын тұтынушылар, электр энергиясының бөлшек сауда рыногындағы қызметті жүзеге асыратын өзге де ұйымдар;

31) электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік кестесі - электр энергиясын орталықтандырылмаған сату-сатып алу және электр энергиясын орталықтандырылған сату рыноктарындағы көтерме сауда рыногына қатысушылар жасасқан электр энергиясын сатып алу-сату шарттарына сәйкес әрбір күнтізбелік тәулікке электр энергиясын өндіру мен тұтынудың сағаттық шамасын жүйелік оператор бекіткен реттейтін құжат. Электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік кестесін жасау тәртібін уәкілетті орган белгілейді;

32) техникалық диспетчерлендіру - Қазақстан БЭЖ-де электр энергиясын өндіру мен тұтыну режимдерін орталықтандырылған жедел-диспетчерлік басқаруды жүзеге асыру жөніндегі жүйелік оператор көрсететін қызмет;

33) уәкілетті орган - электр энергетикасымен байланысты қатынастарды реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

34) электр энергиясының орталықтандырылған саудасы - осы Заңмен белгіленген жағдайларды қоспағанда, ерікті негізде сауданың электронды жүйесінде электр энергиясының көтерме сауда рыногы субъектілері жүзеге асыратын электр энергиясын сатып алу-сату жөніндегі мәмілелер;

35) орталықтандырылған жедел-диспетчерлік басқару - жүйелік оператор жүзеге асыратын Қазақстан БЭЖ сенімділігінің нормативтік деңгейін және электр энергиясының нормативтік сапасының сақталуын қамтамасыз ететін энергия өндіруші, энергия беруші, энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың және электр энергиясын тұтынушылардың техникалық келісілген жұмысты үздіксіз басқару процесі;

36) электр энергетикасы - электр және жылу энергиясын беру және пайдалану саласы;

37) энергетикалық сараптама - электр энергетикасы саласында қолданыстағы объектілер, қайта құрылатын, жаңғыртылатын және жаңадан салынатын объектілер

бойынша, электр және жылу тораптарындағы энергетикалық жабдықтағы технологиялық бұзылушылықтар мен аварияларды тергеу кезінде, сондай-ақ ондағы өндірістік жарақат болған жағдайларда нормативтік құқықтық және нормативтік актілерге сәйкестігіне өткізілетін сараптама;

38) энергия беруші ұйым - электр немесе жылу энергиясын беруді шарттар негізінде жүзеге асыратын ұйым;

39) энергия өндіруші ұйым - электр және (немесе) жылу энергиясын өндіруді жүзеге асыратын ұйым;

40) энергиямен жабдықтаушы ұйым - өндірілген және (немесе) сатып алынған электр және (немесе) жылу энергиясын тұтынушыларға сатуды жүзеге асыратын ұйым.

2-бап. Электр энергетикасы туралы заңнама

Қазақстан Республикасының электр энергетикасы туралы заңнама Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделген және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2-тарау. Электр энергетикасындағы мемлекеттік басқару және реттеу

3-бап. Электр энергетикасындағы мемлекеттік басқарудың және реттеудің мақсаттары мен міндеттері

1. Электр энергетикасындағы мемлекеттік басқару энергия тұтынушыларының сұранымын барынша қанағаттандыру және Қазақстан Республикасының электр энергетикалық кешенінің сенімді және тұрақты жұмысы мен оларды елдің шаруашылық-экономикалық және әлеуметтік кешендерінің тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін айрықша маңызды жүйе ретінде басқарудың біртұтастығын қамтамасыз ету мен тұтынушылардың электр және жылу энергиясын жеткізушілерді тандап алу құқығын кепілдендіретін электр және жылу энергиясы рыногына қатысушылардың құқықтарын рынокта бәсекелестік жағдай жасау жолымен қорғау мақсатында жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік басқару:

1) басқарудың біртұтастығы, бәсекенің дамуы, тұтынушылардың электр және (немесе) жылу энергиясымен жабдықтаушыны таңдау, табиғи монополия субъектілері қызметін реттеу және отандық энергияны өндірушілерді қорғау үшін жағдайлар жасау құқығы негізінде электр энергетикасы кешенінің тиімді жұмыс істеуі мен дамуын, сондай-ақ электр беру желілері, электр және энергетикалық қондырғылар құрылысы мен пайдалану қауіпсіздігін;

2) электр және жылу энергиясының реттелетін рыногын жасауды және жетілдіруді;

3) электр және жылу энергиясының ұтымды және үнемді пайдаланылуын;

4) жаңартылатын және дәстүрлі емес энергия көздерінің пайдаланылуы мен

д а м ы т ы л у ы н ;

5) электр энергетикасы кешенін дамытуға жарактандыруға инвестициялардың т а р т ы л у ы н ;

6) қоршаған ортаны қорғау, электр және энергетикалық қондырғыларының пайдаланылуының сенімділігі мен қауіпсіздігі жөніндегі іс-шаралар кешенінің орындалуы үшін жағдайлардың жасалуын;

7) елдің шалғай аудандарында энергиямен жабдықтаудың ұйымдастырылуы үшін жағдайлардың жасалуын;

8) Қазақстан БЭЖ жұмысының мемлекеттік сенімділік стандарттарының белгіленуін қамтамасыз етеді.

3. Электр энергетикасы саласындағы мемлекеттік басқару:

1) лицензиялаудан;

2) бағаларды (тарифтерді) мемлекеттік тіркеуден;

3) электр энергетикасы объектілерін монополиясыздандыру мен жекешелендіруден;

4) электр энергиясын өндірудің, берудің, техникалық диспетчерлендіру мен тұтынудың сенімділігіне, қауіпсіздігі мен үнемшілдігін мемлекеттік қадағалаудан;

5) электр және жылу энергиясын өндіру, беру, техникалық диспетчерлендіру мен тұтыну саласындағы қызметтер мен қатынастарды реттейтін, сондай-ақ электр және энергетикалық қондырғылары құрылысының және олардың пайдалану сенімділігін, үнемділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін техникалық және технологиялық нормалар бар нормативтік актілерден тұрады.

4-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің электр энергетикасы саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі электр энергетикасы саласында:

1) мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді, орталық және жергілікті атқарушы органдардың оны іске асыру жөніндегі қызметін үйлестіруді жүзеге асырады ;

2) мемлекеттік даму бағдарламаларын әзірлейді және оларды Қазақстан Республикасы Президентінің бекітуіне ұсынады;

3) мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес сауда-саттықтарда (аукциондарда) сатып алынатын мүліктердің (активтердің) тізбесіне электр энергиясын енгізу туралы шешім қабылдайды.

5-бап. Уәкілетті органның функциялары

1. Уәкілетті органның негізгі функциялары:

1) электр энергетикасы саласында мемлекеттік саясатты әзірлеуді және іске асыруды ұйымдастыру ;

2) электр энергетикасының стратегиялық және мақсатты бағдарламаларын әзірлеу және олардың орындалуын бақылау ;

3) өз құзыреті шегінде стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекеттік саясатты жүргізуге қатысу;

4) басқа мемлекеттердің электр энергетикасы саласы ұйымдарымен өзара тиімді ынтымақтастықты орнатуға жәрдемдесу;

5) электр энергетикасы саласында басқа мемлекеттермен Қазақстан Республикасының ынтымақтастығын ұйымдастыру және халықаралық ұйымдарда Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіру;

6) электр және жылу энергиясын өндіру, беру және тұтыну саласында және электр энергетикасындағы қатынастарды реттейтін өзге де салаларда нормативтік және нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және бекіту;

7) техникалық пайдалану және техника қауіпсіздігі саласындағы нормативтік-техникалық құжаттарды, жабдықтардың пайдалану сипаттамаларын, энергия өндіруші, энергия беруші, энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың технологиялық мұқтаждықтарына электр және жылу энергиясының шығыс нормаларын әзірлеу және бекіту;

8) электр энергиясының көтерме және бөлшек сауда рыноктарының, электр энергиясының орталықтандырылған сауда рыногының, электр энергиясының теңгеруші рыногының, жүйелік және қосалқы қызметтер рыногының ұйымдастырылуы мен жұмыс істеу ережелерін, жүйелік оператордың қызмет көрсетуінің, электр энергиясына қол жеткізудің, электр және жылу энергиясын пайдаланудың, электр тораптық ережелерін, электр станцияларын және электр тораптарын жобалау, құру және пайдалану, авариялық бұзылушылықтарды болдырмау мен жоюға арналған шараларды жүзеге асыру тәртібін әзірлеу және бекіту;

9) Ұлттық электр торабына енетін электр тораптық объектілердің тізбесіне қосылатын электр беру желілері мен шағын станцияларды жатқызу өлшемдерін әзірлеу және бекіту;

10) Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасына сәйкес жекелеген қызмет түрлерін лицензиялау;

11) кепілді жеткізушіні және олардың жауапкершілік аймақтарын белгілеу тәртібін бекіту;

12) энергетикалық сараптаманы өткізуге рұқсат беру, энергетикалық сараптама өткізу тәртібін және рұқсат беру шарттарын бекіту;

13) реттеуші органмен бірлесе отырып электр энергиясы көтерме сауда рыногының аймақтарын анықтау болып табылады.

6-бап. Электр энергетикасы саласындағы қызметті лицензиялау

Электр энергетикасы саласындағы лицензиялау қызметі Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

7-бап. Мемлекеттік энергетикалық қадағалау

1. Нормативтік құқықтық актілердің техникалық талаптары мен электр энергетикасы саласындағы лицензияланатын қызмет түрлеріне қойылатын талаптардың орындалуын қадағалауды, сондай-ақ электр және жылу энергиясын пайдалану ережелерінің сақталуын бақылауды Мемлекеттік энергетикалық қадағалау жөніндегі мемлекеттік орган (бұдан әрі - Мемэнергетикақадағалау) жүзеге асырады.

2. Мемэнергетикақадағалаудың заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) электр энергетикасындағы қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілердің талаптары бұзылған жағдайда электр энергетикасы объектілеріне қатысты міндетті болып табылатын нұсқамаларды беруге;

2) Қазақстан БЭЖ жұмысының сенімділігін және электр энергиясының сапасын, пайдалану қауіпсіздігін, энергия үнемдеу жөніндегі және энергетикалық жабдықтарды сақтау жөніндегі міндеттемелерді реттейтін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілері талаптарының бұзылуына жол берген жеке және заңды тұлғаларды жауапкершілікке тарту жөнінде мәселе қоюға;

3) электр және энергетикалық қондырғыларға, техникалық және коммерциялық есепке алу аспаптарына қол жеткізуге;

4) электр және энергетикалық қондырғылардың техникалық жағдайын және пайдалану қауіпсіздігін бақылауды жүзеге асыру үшін тексеріс жүргізуге құқығы бар.

3. Мемэнергетикақадағалау туралы Ережені Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

8-бап. Электр энергетикасындағы тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) мемлекеттік реттеу

1. Табиғи монополия субъектілерінің өнімдері мен көрсетілетін қызметтеріне тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) мемлекеттік реттеуді реттеуші орган заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

2. Энергияны беруші ұйымдарда электр энергиясын беру жөніндегі шығындар есебі реттеуші орган белгілеген тәртіппен қызметтің басқа да түрлері бойынша шығындардан бөлек жүргізілуге тиіс.

9-бап. Өндірістік-технологиялық қызметке араласуға жол бермеушілік

Орталық атқарушы органдардың, сондай-ақ жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, ұйымдардың энергия өндіруге және беруге немесе осы процестерді технологиялық басқаруға байланысты технологиялық қызметіне араласуға құқығы жоқ.

10-бап. Электр станциялары мен электр тораптарын жобалау, салу және пайдалану кезінде мемлекеттік реттеу мен бақылаудың жекелеген шаралары

1. Электр станциялары мен электр тораптарын жобалау, салу және пайдалану уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Қосарланған (шунтталған) электр беру желілері мен шағын станцияларды жобалау және салу міндетті түрде реттеуші органға алдын ала хабарлаумен және оның келісуімен жүзеге асырылуға тиіс.

3-тарау. Электр энергиясы рыногындағы жүйелік оператор және энергияны өндіру, беру, сату және тұтыну қатынастарына қатысушылар

11-бап. Жүйелік оператор

1. Жүйелік оператор мынадай функцияларды орындайды:

1) қолданыстағы сенімділік пен сапа стандарттарына сәйкес ұлттық электр тораптары бойынша электр энергиясын беру жөнінде қызметтер көрсетеді, оның техникалық қызмет көрсетуі мен пайдалану дайындығында ұсталуын қамтамасыз етеді;

2) электр энергиясын өндіру-тұтынудың нақты теңгерімдерін жасау мен тәуліктік диспетчерлік кестесін қалыптастыруды қоса алғанда, белгіленген сенімділік пен сапа стандарттарына сәйкес Қазақстанның БЭЖ-ің жұмыс режимдерін орталықтандырылған жедел диспетчерлік басқаруды жүзеге асыра отырып, техникалық диспетчерлендіру бойынша жүйелік қызметтер көрсетеді;

3) электр қуатын реттеу жөнінде жүйелік қызметтер көрсетеді;

4) электр энергиясы тепе-теңсіздіктерін табиғи реттеуден тұратын электр энергиясын теңгеру бойынша жүйелік қызметтер көрсетеді;

5) электр энергиясы тепе-теңсіздіктерін одан әрі қаржылық реттеуді жүзеге асыратын жеке ұйым құрады;

6) Қазақстанның БЭЖ-гі энергия өндіруші ұйымдар арасындағы және қуаттардың резервтерінің іске қосылу көлемін, құрылымын бөлінуін айқындайды;

7) электр энергиясы теңгеруші рыногы мен жүйелік және қосалқы қызметтер көрсету рыногының нақты уақыт режимінде жұмыс істеуін ұйымдастыруды жүзеге асырады;

8) іргелес мемлекеттердің қатар жұмыс режимдерін басқару мен орнықтылығын қамтамасыз ету жөніндегі энергия жүйелерімен өзара іс-қимыл жасайды;

9) электр энергиясы көтерме сауда рыногының барлық субъектілерінің релелік қорғау мен аварияға қарсы автоматиканың ілеспе құрылғыларын, электр энергиясын коммерциялық есептеудің автоматтық жүйесін, бірыңғай ақпараттық жүйесін құру жөніндегі техникалық және әдістемелік басшылықты жүзеге асырады;

10) электр энергиясы көтерме сауда субъектілерінің ұлттық электр торабына қол жеткізу үшін тең жағдайларды қамтамасыз етеді;

11) Қазақстанның электр энергиясының бәсекелік көтерме сауда рыногына қатысушыларды рынок субъектілерінің коммерциялық құпиясын құрайтын мәндерді қозғамайтын ақпаратпен қамтамасыз етеді;

12) электр станцияларының негізгі жабдықтарын, электр беру желілерін, релелік қорғаныш пен аварияға қарсы автоматика қондырғыларының, технологиялық басқару жүйелерін жөндеуге шығарылуын және олардың жұмысқа әзірлігінің бақылануын к е л і с е д і ;

13) олардың су-шаруашылық теңгерімдері мен Қазақстан БЭЖ жұмыс режимдерін есепке алумен, гидроэлектр станцияларының жұмыс режимдерін әзірлеуге қатысады;

14) электр энергиясының теңгерімдерін ұзақ мерзімді болжауды әзірлеуді жүзеге а с ы р а д ы .

2. Жүйелік оператордың мынадай жағдайларда электр энергиясын сатып алу-сатуды жүзеге а с ы р у ғ а қ ұ қ ы ғ ы б а р :

1) электр тораптарындағы электр энергиясы шығынын орнына келтіру мақсатындағы технологиялық қажеттіліктерге және өндірістік қажеттіліктерге электр э н е р г и я с ы н с а т ы п а л у ғ а ;

2) іргелес мемлекеттердің энергия жүйелерімен электр энергиясы ток ағымдарының шарттық шамаларын қамтамасыз етуге.

3. Қазақстанның БЭЖ-ін орталықтандырылған жедел-диспетчерлік басқаруды жүйелік оператор жүзеге асырады.

4. Қазақстанның БЭЖ-ін орталықтандырылған жедел-диспетчерлік басқару:

1) Жедел-диспетчерлік басқару аймақтары мен деңгейлерін бөлуге Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері негізінде сәйкес электр энергиясын сатып алу-сату, беру, электр қуатын реттеу және электр энергиясын өндіру-тұтынуын теңгеру шарттарының ережелерін іске асыратын Қазақстан БЭЖ-де электр энергиясын өндіру, беру және тұтыну режимдерін басқарудан;

2) электр энергиясының мемлекетаралық ағындары режимдерін басқарудан;

3) Қазақстан БЭЖ-де технологиялық бұзушылықтарды болдырмаудан, оқшауландыруды және жоюды қамтамасыз етуден;

4) Қазақстан БЭЖ-дегі қуат резервтерін жедел басқарудан;

5) Қазақстан БЭЖ-нің сенімді және орнықты жұмысын қамтамасыз ететін релелік қорғаныш, аварияға қарсы және режимдік автоматика жүйелерінің құрылымын, принциптерін, орналасу орындарын, көлемдері мен тағайыншамаларын белгілеуден;

6) Қазақстан БЭЖ-де электр энергиясын өндірудің, берудің және тұтынудың тәуліктік кестелерін қалыптастыру мен бекітуден;

7) көтерме сауда рыногындағы электр энергиясын жеткізу-тұтынудың нақты теңгерімдерін ж а с а у д а н т ұ р а д ы .

5. Қазақстан БЭЖ-гі электр энергиясын өндіру, беру және тұтыну режимдерін жедел-диспетчерлік басқару және тиісті өкімдер беру электр энергиясының сапалық сипаттамасының ағымдағы мәндері - қуат негізінде жүзеге асырылады.

12-бап. Орталықтандырылған жедел-диспетчерлік басқаруды жүзеге асыру кезінде электр энергиясын

өндіру, беру және тұтыну режимі жөніндегі

өкімдер

1. Орталықтандырылған жедел-диспетчерлік басқару кезінде электр энергиясын өндіру, беру және тұтыну режимдері бойынша жүйелік оператордың өкімдері электр энергиясы көтерме рыногының барлық субъектілерінің орындауы үшін міндетті.

2. Қазақстанның БЭЖ-ін орталықтандырылған жедел-диспетчерлік басқаруды жүзеге асыру кезінде жүйелік оператордың жедел өкімдерін орындамау Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікке әкеп соғады.

3. Жүйелік оператор электр энергиясын өндіру, беру және тұтыну режимі жөніндегі жедел өкімдерді орындамайтын ұйымды орталықтандырылған жедел-диспетчерлік басқарудағы электр жүйелерінен ажыратуға құқылы.

13-бап. Электр және жылу энергиясын өндіру, беру және тұтыну қатынастарына қатысушыларға қойылатын

талаптар

1. Электр және (немесе) жылу энергиясын өндіру, беру және тұтыну қатынастарына қ а т ы с у ш ы л а р :

1) Қазақстанның БЭЖ-ін орталықтандырылған жедел-диспетчерлік басқаруды жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты және электр станцияларындағы жұмыстардың техникалық көрсеткіштері жөнінде нақты ақпаратты беруге;

2) жүйелік операторды, энергия өндіруші, энергия беруші, энергиямен жабдықтаушы ұйымдарды және Мемэнергияқадағалауды коммерциялық есеп а с п а п т а р ы н а ж і б е р у г е ;

3) электр және жылу энергиясының сапасын мемлекеттік стандарттарда және стандарттау жөніндегі өзге де нормативтік құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес қ а м т а м а с ы з е т у г е ;

4) жасасқан шарттардың негізінде, Қазақстанның БЭЖ-гі стандартты жиілікті реттеу мен ұстап тұруды жүйелік оператормен бірлесе отырып жүзеге асыруға;

5) нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарына сәйкес өзінің негізгі және қосалқы жабдықтарын, аварияға қарсы және режимдік автоматика, релелік қорғаныш, диспетчерлік технологиялық басқару құралдарын жұмыс жағдайында ұстауға;

6) уәкілетті орган белгілеген көлемде өз объектілерінде пайдаланылатын релелік қорғаныш және аварияға қарсы автоматика құрылғыларын жаңадан орнату мен ж е т і л д і р у д і жү р г і з у г е м і н д е т т і .

2. Өңірлік электр тораптық ұйымдар олардың торабына қосылған электр энергиясы бөлшек сауда рыногы субъектілерінің тәуліктік өндіру-тұтыну кестелерін сақтауын және тұтастай ӨЭК тораптары мен ұлттық электр торабы арасындағы жүйелік оператормен келісілген электр энергиясы сальдо-ток ағыстарының сақталуын қ а м т а м а с ы з е т е д і .

3. Энергиямен жабдықтаудың тоқтатылуы тұтынушының кінәсінен болмаған

жағдайда, электр энергиясының кепілді жеткізушісі - энергиямен жабдықтаушы ұйым тұтынушыларды энергиямен жабдықтауды шарттық негізде қамтамасыз етеді.

4. Энергиямен жабдықтаушы ұйымдар өзінің тұтынушыларын энергиямен жабдықтау мақсатында энергия өндіруші ұйымдардан электр энергиясын сатып алуды жүзеге асырады.

5. Энергия өндіруші ұйымдар жүйелік және қосалқы қызметтер көрсету рыногын ұйымдастыру және жұмыс істеу ережелерімен белгілеген тәртіппен жүйелік оператор айқындайтын қуат резервтерін ұстауды, көлемді, құрылымды және орналасуды қамтамасыз етуге міндетті.

6. Жүйелік оператор Қазақстанның БЭЖ жұмысының сенімділігін қамтамасыз етеді.

7. Электр энергиясын өндіру, беру және тұтыну қатынастарына қатысушылар электр энергиясын өндіру - тұтынудың келісімшарттық және нақты шамалары арасындағы электр энергиясының тепе-теңсіздігін электр энергиясының теңгеру рыногында қаржылық реттелуі үшін өзара міндеттемелерді көтереді.

8. Электр энергиясы көтерме сауда рыногының субъектілері меншік түріне қарамастан нақты уақыт режимінде теңгеруші (рынок) тетігіне қатысуға міндетті.

9. Электр және (немесе) жылу энергиясын өндіру, беру және тұтыну қатынастарына қатысушылар өз міндеттерін орындамаған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік көтереді.

4-тарау. Электр энергиясы рыногының жұмыс істеуі негізінде энергиямен жабдықтауды ұйымдастыру

14-бап. Электр және жылу энергиясының рыногы

1. Қазақстан Республикасында энергиямен жабдықтау электр және жылу энергиясы рыноктарының жұмыс істеу жағдайларында жүзеге асырылады.

2. Электр және жылу энергиясы рыноктағы тауар болып табылады.

3. Электр энергиясының рыногы екі деңгейден: электр энергиясының көтерме және бөлшек сауда рыноктарынан, ал жылу энергиясының рыногы бір деңгейден - бөлшек сауда рыногынан тұрады.

4. Энергия өндіруші ұйымдар мен энергиямен қамтамасыз етуші ұйымдар - электр энергиясын кепілді берушілер уәкілетті орган белгілеген тәртіппен электр энергиясының орталықтандырылған саудасына қатысуға тиіс.

5. Жүйелік оператор, өңірлік электр тораптық компаниялар және электр тораптарын иемденуші өзге де ұйымдар уәкілетті орган белгілеген тәртіппен рыноктың барлық қатысушыларының электр энергиясы рыногына еркін кіруін қамтамасыз етеді.

6. Энергия беруші ұйымның энергия өндіруші ұйымдар мен тұтынушыларды электр және жылу жүйелеріне қосудан, сондай-ақ Қазақстан Республикасының нормативтік

құқықтық актілерімен белгіленген талаптарын энергиямен жабдықтаушы ұйымдар оларды орындаған жағдайда электр немесе жылу энергиясын беруден бас тартуға қ ұ қ ы ғ ы ж о қ .

7. Электр немесе жылу энергиясы рыногында электр энергиясын өндіру, беру, сату және тұтыну кезінде туындайтын қатынастар электр энергетикасында тиісті шарттармен реттеледі.

15-бап. Электр энергиясының көтерме сауда рыногы

1. Электр энергиясы көтерме сауда рыногы:

1) тараптардың келісімдерімен белгіленетін бағалар мен жеткізу шарттары бойынша рынокқа қатысушылар (сатып алушылар мен сатушылар) дербес жасасатын электр энергиясын сатып алу-сату шарттарының негізінде жұмыс істейтін электр энергиясының орталықтандырылмаған сатып алу-сату рыногынан;

2) электр энергиясының қысқа (сауда-саттықтар споты), орта (апта, ай) және ұзақ (тоқсан, жыл) мерзімдік негіздегі ерікті саудасы үшін ұйымдастырылған сауда алаңынан тұратын электр энергиясының орталықтандырылған сауда рыногынан;

3) диспетчерлік тәуліктік кестенің жүйелік операторы бекіткен Қазақстан БЭЖ-гі электр энергиясын өндіру және тұтынудың нақты және келісім-шарттық шамалары арасында операциялық тәуліктерде туындайтын сағаттық тепе-теңсіздіктерді табиғи және кейіннен қаржылық реттеу мақсатында жұмыс істейтін "нақты уақыт" режиміндегі теңгеру рыногы;

4) стандарттармен белгіленген Қазақстан БЭЖ жұмысының сенімділігін және электр энергиясының сапасын қамтамасыз ету үшін электр энергиясының көтерме сауда рыногы субъектілерінен сатып алуы сияқты жүйелік оператордың көтерме сауда рыногы субъектілеріне тиісінше қызмет көрсету негізінде жұмыс істейтін жүйелік және қосалқы қызметтер көрсету рыногынан тұрады.

2. Электр энергиясының көтерме сауда рыногы аймақтарының ұйымдастырылуы мен жұмыс істеу шарттары әртүрлі болуы мүмкін және уәкілетті органмен белгіленеді.

3. Орталықтандырылған сауда рыногының операторы:

1) "бір күн бұрын" және "операциялық тәуліктер ішінде" режимінде орталықтандырылған сауда-саттықтары спотын ұйымдастыру мен басқаруды жүзеге асырады;

2) электр энергиясының орта мерзімдік (апта, ай) және ұзақ мерзімдік (тоқсан, жыл) кезендерге орталықтандырылған саудасын ұйымдастыру мен өткізуді жүзеге асырады;

3) электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттықтарындағы электр энергиясы көтерме сауда рыногы субъектілерінің қатысуы үшін мөлшерлемелер мен талаптарды белгілейді;

4) электр энергиясының көтерме орталықтандырылған сауда-саттықтары ережелерімен белгіленген талаптарға электр энергиясы көтерме сауда рыногы субъектілерінің сәйкес келуін белгілейді және олардың орындалуын бақылайды;

5) электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттықтарында электр энергиясын сатып алу-сату жөнінде жасасылған мәмілелерді тіркеу мен есепке алуды жүзеге асырады .

6) электр энергиясы көтерме сауда рыногының субъектілерін орталықтандырылған сауда-саттықтарда қалыптасқан электр энергиясына индикативтік бағалар жөніндегі ақпаратпен және өз құзыреті шегіндегі басқа да нарықтық ақпаратпен қамтамасыз етеді .

16-бап. Электр энергиясының бөлшек сауда рыногы

1. Электр энергиясы бөлшек сауда рыногына кіру тәртібін уәкілетті орган белгілейді .

2. Өңірлік электр тораптық компаниялар электр тораптары бойынша электр энергиясын беру функцияларын оның теңгерімдік тиесілік шекараларында жүзеге асырады .

3. Қазақстанның БЭЖ-ін орталықтандырылған жедел диспетчерлік сенімді басқаруын қамтамасыз ету мақсатында бір әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстың) шегінде бір өңірлік энергия беруші компания жұмыс істеуі тиіс.

4. Энергиямен жабдықтаушы ұйымдар электр энергиясы мен кепілді жабдықтаушылар және өңірлік электр тораптық компаниялар өздерінің жауапкершілік салалары шегінде электр энергиясы мен сенімді қамтамасыз ету және оның сапасы үшін электр энергиясын тұтынушылар алдында жауапкершілік көтереді.

5. Тұтынушының заңдармен және электр энергиясын сатып алу-сату шарттарымен көзделген міндеттемелерді бұзған жағдайларын қоспағанда, электр энергиясын тұтыну шектелуге тиіс емес .

6. Кепілді жабдықтаушылар шаруашылық қызметін жүзеге асыру кезінде өзге де энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға қатысты артықшылықтардың берілуі мүмкін емес .

7. Кепілді жабдықтаушылар мен электр энергиясын тұтынушылар арасындағы энергиямен жабдықтау шарты жариялы болып табылады.

17-бап. Электр энергиясының көтерме сауда рыногы шарттары

1. Электр энергиясы көтерме сауда рыногында электр энергиясын сатып алу-сату, электр энергиясын беру, техникалық диспетчерлендіру, электр қуатын реттеу, электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгеру жөніндегі көрсетілетін қызметтер Азаматтық кодекске , осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жасалатын шарттардың негізінде жүзеге асырылады.

2. Электр энергиясын сатып алу-сату шарттары:

1) электр тұтынудың тәуліктік кестесін;

2) энергия өндіруші ұйымдардың электр қуатын резервтеу тәртібін қамтуға тиіс.

3. Электр энергиясының көтерме сауда рыногындағы электр энергиясын сатып

алу-сату шарттары, электр энергиясын беру, техникалық диспетчерлендіру, электр қуатын реттеу, электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгеру жөніндегі қызмет көрсету шарттары энергиямен жабдықтауды тоқтатудың немесе шарт бойынша уақтылы төленбеген жағдайда тиісті қызметтер көрсетудің шарттары мен тәртібін қамтуға тиіс.

18-бап. Электр және жылу энергиясының бөлшек сауда рыногындағы шарттар

1. Энергиямен жабдықтаушы және энергия беруші ұйымдар электр және жылу энергиясының бөлшек сауда рыногының барлық қатысушылары үшін тең жағдайлар ж а с а у ғ а м і н д е т т і .

2. Бөлшек сауда рыногында электр және жылу энергиясын сатып алу-сату тұтынушылардың энергиямен жабдықтаушы ұйымдармен өз бетімен жасасатын сатып алу-сату шарттары негізінде жүзеге асырылады.

3. Энергиямен жабдықтаушы ұйымдар жеткізетін электр энергиясы жеткізілімдерінің бағалары мен ережелері тараптардың келісімі бойынша сатып алу-сату шарттарына сәйкес энергия беруші ұйымның тарифін ескерумен белгіленеді.

4. Өңірлік электр тораптары бойынша электр энергиясын беру энергиямен жабдықтаушы ұйымның немесе бөлшек сауда тұтынушының өңірлік энергия беруші ұйыммен жасасатын электр энергиясын беру туралы шарты негізінде жүзеге а с ы р ы л а д ы .

5. Энергия беруші ұйымдар:

1) шарт ережелері бұзылған жағдайда уәкілетті орган белгілеген тәртіппен электр немесе жылу энергиясын беруді тоқтатуға құқығы бар;

2) шартта белгіленбеген электр және (немесе) жылу энергиясын берудегі үзілістерге , тоқтатуға немесе шектеуге жол бермейді.

19-бап. Электр және жылу энергиясын тұтынушылардың құқықтары

1. Электр және жылу энергиясын тұтынушылар:

1) жасалған шарттарға сәйкес электр қуатын, электр және жылу энергиясын алуға;

2) жасалған шарттардың ережелеріне сәйкес энергия өндіруші, энергия беруші және энергиямен жабдықтаушы ұйымнан электр және жылу энергиясын жеткіліксіз берумен немесе сапасыз жеткізілумен туындаған шығындардың орнын толтыруды талап етуге;

3) шарттарды жасасу мен орындауға байланысты даулы мәселелерді шешу үшін сот органдарына шағынуға құқылы.

20-бап. Электр және жылу энергиясын тұтынушылардың міндеттері

1. Электр және жылу энергиясын тұтынушылар:

1) тоқ қабылдағыштар мен коммерциялық есеп аспаптарының тиісті техникалық жағдайын ұстауға, электр және жылу энергиясын пайдалану ережелеріне сәйкес техникалық жағдай талаптарын орындауға;

2) электр және жылу энергиясын сатып алу-сату шартымен айқындалатын электр тұтынушының режимдерін сақтауға;

3) Қазақстанның БЭЖ-де электр энергиясының стандарттық жиілігін ұстауға бағытталған нормативтік талаптарды орындауға;

4) жасалған шарттарға сәйкес босатылған, берілген және тұтынылған электр және (немесе) жылу энергиясына уақтылы төлеуге;

5) энергиямен жабдықтаушы және энергия беруші ұйымдардың қызметкерлерін, сондай-ақ Мемэнергияқадағалау қызметкерлерін электр- және энергия қондырғыларының техникалық жай-күйін бақылауды және пайдалану қауіпсіздігін бақылауды жүзеге асыру үшін коммерциялық есеп аспаптарына жіберуге міндетті.

5-тарау. Қазақстанның БЭЖ-гі авариялық бұзушылықтар кезінде электр энергетикасы объектілерін басқару

21-бап. Авариялық бұзушылықтардың алдын алу және жою үшін қабылданатын шаралар

1. Қазақстанның БЭЖ-гі авариялық бұзушылықтардың жіктелуін, олардың алдын алу және жою үшін қабылданатын шаралардың жүзеге асырылу тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

2. Жүйелік аварияларды жою үшін жүйелік оператор меншік нысанына қарамастан кез келген энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың резервтік қуаттарын және тұтынушылардың автономиялық қоректену көздерін тартады.

3. Авариялық бұзушылықтарды жою үшін қуаттар жетіспеген кезде жүйелік оператор белгіленген нормалар шегінде гидроэлектр станцияларының авариялық резервін пайдалану үшін гидротараптар арқылы суды шығындаудың бекітілген кестесіне жедел өзгерістер енгізуге құқылы.

4. Электр энергиясының теңгеруші рыногындағы өтелмейтін тепе-теңсіздік туындаған кезде Қазақстанның БЭЖ-гі электр тогының нормативтік жиілігін ұстап тұру мақсатында жүйелі оператордың электр энергиясын сату-сатып алуды жүзеге асыруға құқығы бар.

22-бап. Авариялық бронь бойынша энергиямен жабдықтау

1. Жүйелік авария туындаған кезде тұтынушыларды энергиямен жабдықтау үздіксіз электрмен жабдықтауды қажет ететін, технологиялық себептермен әрекетінің тоқтатылуы адамдар өміріне қауіп тудыратын, сондай-ақ апатты экологиялық, әлеуметтік немесе экономикалық зардаптарға әкеп соқтыратын шаруашылық инфрақұрылым ұйымдары үшін электр қуатын авариялық бронь мөлшерінде беріп отыруды қамтамасыз ететін энергия беруші ұйымдар әзірлеген схемалар бойынша жүзеге асырылады.

2. Авариялық брондары бар тұтынушыларды энергиямен жабдықтау тәртібі мен

шарттарын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

3. Авариялық бронь мемлекеттік мекемелердің электр энергиясын тұтыну бойынша шығындарына арналған сомалар шегінде оны мемлекеттік бюджет қамтамасыз еткен жағдайда, сондай-ақ банктің мемлекеттік кәсіпорындар мен өз кірістері есебінен ұсталатын өзге де ұйымдар үшін Үкімет белгілеген тәртіппен ресімделген тиісті қаржылық кепілдігі болған кезде беріледі.

23-бап. Электр энергетикасы объектілерінің сақталуын және тұтастығын қамтамасыз ету

1. Электр энергетикасының неғұрлым маңызды объектілерін қорғауды әскерилендірілген күзеттің арнаулы қызметтері немесе Ішкі істер министрлігінің бөлімшелері жүзеге асырады. Мұндай объектілердің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

2. Электр және жылу жүйелерінің ерекше қауіптілігі мен осалдығын ескере отырып, уәкілетті органның ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі заңды және жеке тұлғалар үшін міндетті электр және жылу жүйелерін күзету ережесін бекітеді.

3. Электр энергетикасының құрал-жабдықтары мен құрылғыларының зақымданғанына немесе ұрланғанына, электр мен жылу жүйелеріне өз бетімен қосылғанына және электр энергетикасы өнімінің ұрланғанына, сондай-ақ электр энергетикасында шығынға, электр энергетикасы объектілері қауіпсіздігінің және тұтынушыларды энергиямен жабдықтау сенімділігінің төмендеуіне әкеп соғуы мүмкін басқа да іс-әрекеттерге кінәлі заңды және жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес материалдық, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

4. Электр және (немесе) жылу энергиясын өндірудің және берудің бірыңғай технологиялық процесіне қатысушы энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдардың мүлкі бөлінбейтін болып табылады.

5. Электр энергетикасының объектілерін және (немесе) оның жекелеген бөліктерін сатып алу-сату, жалға немесе сенімді басқаруға беру меншік нысанына қарамастан, міндетті тәртіппен уәкілетті және реттеуші органдарға алдын ала хабарлаумен және келісумен жүзеге асырылады.

24-бап. Қорытынды және өтпелі ережелер

1. О с ы З а ң :

- 1) 2004 жылғы 1 шілдеден бастап енгізілетін 13-баптың 3-тармағын;
 - 2) 2005 жылғы 1 қазаннан бастап енгізілетін 13-баптың 8-тармағын;
 - 3) 2004 жылғы 1 шілдеден бастап енгізілетін 14-баптың 4-тармағын;
 - 4) 2004 жылғы 1 қазаннан бастап енгізілетін 16-баптың 3-тармағын;
- қоспағанда, ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.
2. 11-баптың 1-тармағының 3) тармақшасында және 2-тармағының 2)

тармақшасында белгіленген нормалар 2005 жылдың 1 қазанына дейін күшінде болады.

3. Энергия беруші ұйымдар электр және (немесе) жылу энергиясын беру жөніндегі қызметті энергиямен жабдықтау жөніндегі қызметтен бөлуді 2004 жылғы 1 шілдеге дейін жүзеге асырсын.

4. Өңірлік электр тораптық компаниялар электр энергиясын беру жөніндегі қызметті энергиямен қамтамасыз ету жөніндегі қызметтен бөлуді энергиямен жабдықтаушы ұйымдар құру жолымен 2004 жылғы 1 шілдеге дейін жүзеге асырсын.

5. "Электр энергетикасы туралы" 1999 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының ("Казахстанская правда" 24.08.99 ж. N 206-207) күші жойылған деп танылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК